

## Әлемдік және дәстүрлі діндер съезі хатшылығының екінші мәжілісін өткізуге қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 7 қазандағы N 299-ө өкімі 2004 жылғы 10-16 қазанда Түркістан қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер съезі хатшылығы екінші мәжілісінің өткізілуіне байланысты:

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Әлемдік және дәстүрлі діндер съезі хатшылығының екінші мәжілісіне қатысатын делегация мүшелеріне қонақ үйде тұруға және оларды тамақтандыруға, сондай-ақ Алматы - Шымкент - Алматы бағыты бойынша көліктік шығыстарға 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 006 " Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 9367020 (тоғыз миллион үш жүз алпыс жеті мың жиырма) теңге сомасында қаражат бөлсін.

*Премьер-Министр*